

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 қазандағы № 1529 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 шілдедегі № 786 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 475 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2015 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 5 қазандағы № 1529 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 41, 401-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;
көрсетілген қаулымен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К.Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2014 жылғы	9 шілдедегі
№ 786	қаулысына
қосымша	
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2009 жылғы	5 қазандағы
№ 1529	қаулысымен
бекітілген	

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі - ЖЭК) пайдалану мониторингін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ЖЭК пайдалану мониторингі - ЖЭК энергетикалық әлеуеті және электр мен (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК пайдалану нәтижелері туралы ақпаратты жүйелі жинау, есепке алу және талдау;

2) ЖЭК пайдалану жөніндегі объекті - ЖЭК пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті және ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің меншік иесінің балансындағы, олармен өзара байланысты құрылыстар мен инфрақұрылым;

3) уәкілетті орган - ЖЭК пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйым (бұдан әрі - энергия өндіруші ұйым) - ЖЭК пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) шағын СЭС - жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан аспайтын, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар және реттеудің тәуліктік мерзімінен астамын қамтамасыз ететін су қоймалары жоқ су электр станциялары.

3. Осы Ережеде пайдаланылатын өзге ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру тәртібі

4. Уәкілетті орган ЖЭК пайдалану мониторингін:

1) Қазақстан Республикасында электр және (немесе) жылу энергиясын өндірудің жалпы көлемінде ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілердің электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және босату үлесін есепке алу;

2) ЖЭК пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру көлемінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген

нысаналы көрсеткіштерге сәйкестігін айқындау үшін жүзеге асырады.

5. Энергия өндіруші ұйым тоқсан сайын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзінің әрбір ЖЭК пайдалану жөніндегі объектісі бойынша электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және босату жөнінде ақпарат береді.

6. Жүйелік оператор тоқсан сайын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасында өндірілген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден сатып алынған электр энергиясының көлемі туралы ақпарат б е р е д і .

7. Уәкілетті орган алынған ақпараттың негізінде талдау жүргізеді және Қазақстан Республикасындағы электр және (немесе) жылу энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілердің электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үлесін айқындайды.

8. Тиісті облыстың жергілікті атқарушы органдары Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде уәкілетті органға ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілерді салуға берілген жер учаскелері туралы, сондай-ақ іске қосылған ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілер туралы ақпарат береді.

9. ЖЭК пайдалану мониторингінің нәтижелері бойынша уәкілетті орган ЖЭК пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру көлемін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген нысаналы көрсеткіштермен сәйкестігін айқындайды.

10. ЖЭК пайдалану мониторингінің нәтижелері уәкілетті органның интернет-ресурстарында есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-күнінен кешіктірмей орналастырылады.

11. ЖЭК пайдалану мониторингі шеңберінде уәкілетті орган ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды есепке алуды жүргізеді және олардың тізбесін өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

12. ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне энергия өндіруші ұйымдарды қосу үшін қажетті құжаттар тізбесін уәкілетті орган айқындайды.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесіне 1-қосымша

20__ жылғы ____-тоқсанға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілердің электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және босату туралы ақпарат

1. Энергия өндіруші ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

2. Энергия өндіруші ұйымның орналасқан жері _____

3. ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің атауы _____

4. ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің орналасқан жері _____

5. ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің белгіленген қуаты (кВт) _

6. Пайдаланатын ЖЭК түрі _____

Көрсеткіштер	Болжам	Нақты
Электр энергиясын өндіру, мың кВтс		
Жылу энергиясын өндіру, Гкал		
Электр энергиясын босату, мың кВтс		
Жылу энергиясын босату, Гкал		
Электр энергиясының орташа босату бағасы, теңге/кВтс ҚҚС-сыз		
Жылу энергиясының орташа өлшемді босату бағасы, теңге/Гкал ҚҚС-сыз		

Е с к е р т п е :

Электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК-тің екі және одан көп түрлерін пайдаланған жағдайда, есеп әр түрі бойынша жеке беріледі.

(Басшы, Т.А.Ә, қолы, күні)

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мониторингін жүзеге асыру ережесіне 2-қосымша

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді салуға берілген жер учаскелері, сондай-ақ іске қосылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер туралы ақпарат

20__ жылғы ____-тоқсанда _____ әкімдігі ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілерді салу үшін мынадай жер учаскелерін берді

Р/с №	жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	жер учаскесінің ауданы, га	жер учаскесінің орналасқан жері, га	берілген құқық түрі және мерзімі	жер учаскесіне құқықты иеленушінің атауы және БСН	жер учаскесінің мақсаты*
1						

2						
3						

Е с к е р т п е :

* мақсатының бір түрін көрсету: жобалау-зерттеу жұмыстары үшін, құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін, ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні пайдалану үшін.

20__ жылғы _____ -тоқсанда _____ облысы аумағында мынадай ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілер іске қосылды:

Р/с №	объектінің атауы	объектінің орналасқан орны	объектіні іске қосу мерзімі	объектінің негізгі жобалық сипаттамалары	құрылыс салушының ата және БСН
1					
2					
3					

(Басшы, Т.А.Ә, қолы, күні)